

# Профайлинг

Орындаған:Тілеген Ж.Б  
Тобы: Деф-15,1  
Қабылдаған: Нұрадин Г.Б

# Сенегал Мемлекеті





Сенегал (Sénégal) - Батыс Африкадағы мемлекет, аты елдегі өзеннің атынан алынып тұр.

Жер көлемі – 196 722 км<sup>2</sup> (87-ші), соның ішінде су мөлшері - 2,1 .

Аумағы бойынша 11 облыстық аймақтан тұрады.



Халық атауы –  
сенегал халқы.

Халық саны – 2009  
жылғы санақ бойынша  
- 13 '700'000. Бір  
жылда өсуі - 2,7 %

Тұратын ұлттар - 20 шақты этникалық топтар бар, ең ірілері: волоф (43 %), фульбе (24 %) және серер (15 %). Ақ нәсілділер (көбінесе француздар) және ливандықтар — 1 % шамасында.

Орташа өмір сүру жасы - 59 жас (57 — ерлер, 61 — әйелдер).

Ең атақты тұлғалары :

1. Диоп Давид (1927 - 60), сенегалдық ақын . Француз тілінде жазған ақынның отарлыққа қарсы өлең – жырлары көп болды. Соның ішінде «Удары песта» атақты өлеңінің бірі(1956).
2. Демба Ба (25 мамыр 1985 жылы туылған)атақты Сенегал футбол құрамасындағы шабуылдаушы. Сенегал азаматы 1 – ші нөмірдегі футболшы.
3. Леопольд Седар Сенгор ( 9 қараша 1906жылы) сенегалдық ақын және философ, саясаттанушы, бірінші Сенегалдың президенті.



Демба Ба



Леопольд Седар Сенгор

Ресми тілі - француз. Жергілікті тілдер де қолданылады. XIX ғасырдың екінші жартысында француздар Сенегал ішкі аймақтарын басып алған. Сондықтанда жергілікті халық француз тілінде сөйлейді.

Діні : мұсұлмандар - 94 %, христиандар - 5 %, жергілікті діндер - 1 %

Тарихы: XIX ғасырдың екінші жартысында француздар Сенегал ішкі аймақтарын басып алған 1860 жылы Елдің ең ірі тайпасының басшысы Хаджи Омар Францияның протекторатын мойындады. Ал 1890 жылы қалған тайпалардың бәріде соларға қосылды. Француздар Сенегалдан арахис алған, оған қоса, олар ел аумағынан алтын тапқан. 1885 жылы Сен-Луи-Дакар бірінші темір жолын құрған. 1909-1923 жылдары Дакардан көршілес Мали колониясына темір жолын құрған. Сенегалдың батысындағы 4 аудан тұрғындарына Франция азаматтығы құқығын берген, Франция парламентіне олардан 1 депутат сайланған (бірінші қара нәсілді депутат — Блез Диань (1914-1934 жылдары депутат болған)).

Мәдениеті: шаруашылығы - кетпенді жер өңдеу. Қолөнерлік және қолдан жасау өндірісі өте дамыған. Ағаштан, теріден, матадан зат жасау, тоқыма өнері де дамыған, темір соймалы, қару-жарақ, әшекейлер де жасай білген. Террақортпадан , піл сүйегінен және қоладан мүсіндер жасайды. Қола құю өнері дамыған .Үйлері: саз-балшықтан жасалған лашық, күйдірілмеген кірпіштен жасалған үйлер. Тік бұрышты жоспарлы үйлер. Қалалық тұрғындары - 42 %





# Ел астанасы – Дакар қаласы



Сенегал мемлекетіне баруыма 2 ай қалған жағдайда мен француз тілін меңгеруге жұмсар едім. Себебі халық француз тілінде жетік білгендіктен маған ағылшын тілінде сөйлейтін адам жиі кездеседі деп ойлаймын. Өйткені бұл халық – сауатсыз мемлекеттердің қатарына жатады, халық сауаттылығы – ерлерде 51 %, әйелдерде – 21 % ол менің ойымша өте төмен көрсеткіш.

Сенегал мемлекетіне алып баратын заттарым: қолшатыр климаттық жағдайы жаңбырлы болғандықтан, француз – орыс сөздігі, мемлекет мұсылман дінін қолдағандықтан жабық киім киініп барар едім.

Сенегал мемлекетінен алып келетін заттарым: балық экзотикалық жемістер, қуырылған арахис, серфингті үйренетін едім, мұсылман діні қай деңгейде екенін үйреніп келер едім, футболшыларының ерекшеліктерін үйренер едім.

Ұқсастық аргументі: мемлекеттік діні – мұсылман діні, отаршылық ел болған , жас мемлекет .

Айырмашылық аргументі: қара нәсілділер тұратындығы, ауа – райының айырмашылығы.

Тайм – менеджмент: 6 сағат

Интенсификация : қиналған тұстарым ол елдің атақты 3 тұлғасын табу қиын болды.